



Ақмешіт

28 қараша
сейсенбі
№94 (2001)
2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

СҰХБАТ

Әлмырза НОҒАЙБАЕВ,
әнші-композитор:

«Ақсақ киік»
мені көтерді, мен
«Ақсақ киікті»
елге таныттым



Жүрекжарды сұхбатымыздың бүгінгі қонағы – «Құрмет» орденінің иесі, Шиели ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, «Ақсақ киік» әнімен елге танылған әнші-композитор Әлмырза Ноғайбаев.

4 БЕТТЕ

БЫЛҒАРЫ ӨНДІРІСІ ҚАЛАЙ ЖАНДАНАДЫ? Облыс әкімі қытайлық компания өкілдерімен кездесті

Өткен аптаның сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қытайлық «Peng Sheng Group» компаниясы өкілдерімен кездесті. Ондағы мақсат – іскерлік байланыс орнатып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру.

Кездесу барысында аймақ басшысы өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға әрдайым ашық екенін жеткізді.

– Қызылорда облысына қош келдіңіздер! Біздің өңірге қызығушылық танытып, арнайы сапармен келгендеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Облыс аумағында қытайлық компаниялардың қатысуымен бірқатар ірі индустриялық жобалар тиімді жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, жылына 197 мың тонна шыны өндіретін еліміздегі алғашқы «Орда Глас» шыны зауыты және жылына 1 млн тонна цемент өндіретін «Гехуба Шиели Цемент» зауыты жұмыс жасауда. Бүгінгі күні аталған компания өнімдері ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, сыртқы нарықтарға кеңінен экспортталуда, – деді аймақ басшысы.

Инвесторлармен бас қосқан жиында облыс әкімі ауыл шаруашылығы саласында бірқатар жобаларды жүзеге асыруды көздейтінін атап өтті. Әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған жобалар мен егін шаруашылығы техникаларын құрастыруға бағытталған өндіріс орнын ашу мүмкіндіктерін қарастыру керектігін жеткізді.

Өңірде ауыл шаруашылығы саласы оның ішінде егін шаруашылығы жақсы дамыған. Алайда саланы ортақтандыру, басқа бағытта дамыту заман талабы. Бүгінде ауыл шаруашылығы саласында егін егу, сүт, ет өнімдерін



игеруден бөлек мал терісін де қадеге жарату мәселесі өзекті болып отыр.

Газетіміздің өткен санында «Түсінгенге мал терісін де пұл» деген тақырыпта төрт түлік терісін өңдеу ісінің тұралап қалғанын, мұны қолға алар болсақ 4-5 жылда ел экономикасын дамытудың бір тетігі болатынын жазған едік.

Елімізде былғары өңдеумен айналысатын бірнеше зауыт бар. Олар жыл сайын бюджетке қомақты қаржы құяды. Дегенмен бұл салаға мемлекет тарапынан қолдаудың жоқтығы, сондай-ақ алыпсатарлардың отандық өнімді қолдағаннан гөрі шикізатты экспортқа шығарып, өз пайдасын көбірек ойлауы келергі деген сынды сала мамандарының уәжі



Фото: Ашық дереккөзден

айтылған еді. Облыс әкімінің қытайлық инвесторлармен кездесуде осы саланы жетілдіруге ден қоюы, жеңіл өнеркәсіпті дамытуда былғары өңдеуді ұсынуы қуанарлық жайт.

Аталған қытайлық «Peng Sheng Group» компаниясы ауыл шаруашылығы саласында ауқымды жобаларды жүзеге асырып келеді. Мәселен, көрші Өзбекстан елінде өз инвестициялары есебінен индустриялық кешен құрып, бірқатар жобаны қолға алған.

Іскерлік кездесуде қытайлық компания елімізде мақта өсіру үшін заманауи бағытта өз елінің ауыл шаруашылығы технологияларын

енгізуді жоспарлап отырғандығын жеткізді. Сондай-ақ былғары шикізатын қайта өңдеу және ірі кара мал өнімдерінен желатин өндірісін ұйымдастыруды көздеуде.

Екіжақты келісімге келіп аталған жобалар жүзеге асар болса аймақта тағы бір ауқымды өндіріс ошағы іске қосылады. Бұл өз кезегінде жеңіл өнеркәсіптің аясын кеңейтетін жана өндіріс орындарын құруға мүмкіндік бермек.

А.ӘЛІМ



ҮКІМЕТТІҢ БАҚЫЛАУЫНДАҒЫ ЖОБА

Ауыл халқының денсаулығын жақсарту мақсатында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы жүзеге асып жатқаны белгілі. Ел бұл жобадан не күтеді? Ауылдардағы денсаулық жайы қалай жақсармақ? Өткен аптада аталған жобаның жүзеге асу барысы бойынша Үкімет басшысы Әлихан Смайылов өткізген кеңесте жыл аяғына дейін ұлттық жоба нәтижесі болатынын айтылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан Ұлттық жоба аясында өңірлерде 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету нысанын ашу жоспарланып отыр. Оның ішінде 257 медициналық, 238 фельдшерлік-акушерлік пункт және 160 дәрігерлік амбулатория бар. Биыл 99 нысанның құрылысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда оның 20-сы аяқталды, қалғандары бойынша жұмыстар жалғасуда.

2 БЕТТЕ

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: 342 жоба жүзеге асады

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев брифинг өткізді. Онда «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру үшін облысқа 3 млрд теңге қаржы бөлініп, 5 бағыт бойынша 600 жобаға қолдау көрсетілетінін және осыған сәйкес 636 жана жұмыс орнын ашу көзделгенін айтты.

– Жоба бойынша қаржыландыру бағыты анықталып, барлық ауылдық елді мекенде халыққа түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл бағдарлама өңдеу, егін кооперативтерін жабықтау, мал шаруашылығы және басқа бағыттағы бизнес жобаларға арналған. Бүгінде 342 жобаның құжаттары несиелі комитетпен мақұлданды. Ал 142 жоба бойынша қарастырылған несиелі кооператив пен 124 жеке кәсіпкерге берілді. Осының нәтижесінде 288 жұмыс орны ашылады, – дейді басқарма басшысы.

Жалпы «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру мақсатында негізгі басымдық өндірістік жобаларға берілген. Бұл – жеке қосалқы шаруашылықтардың жұмысына тиімді қолдау көрсетіледі деген сөз. Оның ішінде шағын цехтар, жылыжай өндірісі мен омарта, балық және құс шаруашылығын дамытуға бағытталмақ.

3 БЕТТЕ



Фото: aqjogazet.kz

ЗАҢ КҮШЕЙМЕЙ, ТАЛАП ОРЫНДАЛМАЙДЫ

Соңғы жылдары қоғамда отбасылық зорлық-зомбылыққа тап болып, жәбір көрген кәзкеліншектер туралы мәселе көтеретіндер көбейді. Оның себебі де белгілі, өйткені өмірлік жарым деп тандағандары тағдырын сеніп тапсырғандарға жәбір көрсетуде. «Бір таяқ бата тиеді, бір таяқ ката тиеді» демей ме, мұндай жанжалдың арты кісі өлімімен де аяқталып жатыр.



Қазақстанның бас прокуроры Берік Асылытовтың төрағалығымен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Онда бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау қызметінің басшысы Марат Әбішев тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен бет-бет келетін әйелдердің ресми статистикасын атады.

– Жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан кем дегенде 80 әйел көз жұмады. 150 әйел ауыр жаракат алса, 200 әйел орта дәрежедегі, 4 мыңнан астам әйел жеңіл жаракат алады. Полицияға күн сайын 300 шағым түседі. Оның ішінде бала мен әйелді сабау, мүгеделікке душар ету, тіпті кісі өлтіру фактілері бар, – деді қоғамдық мүдделерді қорғау қызметінің басшысы.

Сондай-ақ елдегі әрбір үшінші әйел отбасында зорлық-зомбылыққа тап келетінін жеткізді.

3 БЕТТЕ

Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін

6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

ҮКІМЕТТІҢ БАҚЫЛАУЫНДАҒЫ ЖОБА

Сонымен қатар Ұлттық жобалада инсульт орталықтары, кардиология, жансақтау, онкология бөлімдерін ашу, сондай-ақ оларды заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету арқылы 32 көпсалалы орталық аудандық аурухананы жаңғырту қарастырылған.

Премьер-Министр Қарағанды, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қостанай және басқа да бірқатар облыстардың әкімдіктеріне алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің жана нысандарын салу бойынша жұмысты жеделдетіп,

құны 11 млрд тенгені құрайтын 27 нысан (24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет) тізімі Үкімет қаулысына енгізілген. Оның ішінде 2023 жылға жоспарланған құны 6,5 млрд тенге болатын 15 дәрігерлік амбулатория құрылысы салынуда. Оның 12-сін 30 қарашада, 3-ін 5 желтоқсанда халық игілігіне пайдалануға беру жоспарланған. Алдағы жылға жоспарланған 11 нысанның жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптама қарауына жіберілген.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы арнайы мәжіліс өткізіп,

дастыруды тапсырды. Біз 15 дәрігерлік амбулаторияны жыл соңына дейін пайдалануға беруіміз керек. Осы аптада жауапты мердігер мекеме басшыларымен кездесіп, тиісті тапсырмалар жүктеттік. Бұл тек құрылыс басқармасының ғана міндеті емес, аудан әкімдері де жұмысқа жұмылуы қажет. Ұлттық жоба аясында салынған барлық нысан халыққа ыңғайлы, жайлы, ең бастысы, жан-жағының тазалығы, қасбеттері талапқа сай болуы тиіс, – деп ескертті аймақ басшысы.

Облыс әкімі құрылыс басқармасына ғимараттардың сапасын



СЫР ӨНІРІ ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ БОЛМАҚ

Өткен аптада еліміздің Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин облысқа арнайы келді. Сыр өңіріне табын тіреген вице-министр сапар барысында Шиелі ауданы мен облыста салынып жатқан құрылыс жобаларымен танысып, құрылыс және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізді. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрінің өңірге жұмыс сапары Шиелі ауданынан басталды. Облыс әкімімен бірге аудандағы құрылыс нысандарын аралады. Алдымен ауданға қарасты Байсың ауылында жаңадан салынған білім ошағына ат басын бұрды. Жаңа мектептің жұмысын бағамдап, әрі қарай аудан орталығындағы тұрғын үйлердің құрылысымен танысты. Облыс орталығындағы тұрғын үй құрылысының қарқынды өсіп жатқандығына бейімделген ағаштар отырғызылуы қажет. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы жана дәрігерлік амбулаторияларды тиісті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, олардың сапасына мән беруі қажет екенін де айтты.

Жалпы облыс бюджетінің басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды. Биыл бюджет қаражатының 60 пайыздан астамы осы салаға бөлінген. Оның ішінде 278 миллиард тенге білім саласының еншісінде. Алдағы уақытта демеушілер есебінен 2,3 миллиард тенгеге 350 орындық «Оқушылар сарайы» мен сол жағалаудан жоба құны 4,8 млрд тенге болатын музыкалық колледждің құрылысы басталады. Денсаулық саласында да биылдан бастап ауқымды жобаларды жүзеге асыру қолға алынды. Оның ішінде облыс орталығында құны 36,4 миллиард теңгені құрайтын бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Сондай-ақ 2,9 миллиард тенгеге «Қан» орталығының ғимараты салынуда. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен елді мекендерде 27 нысан бой көтермек.

975 миллион тенгені құрайды. Соңғы үлгідегі нысанда қауіпсіздікке баса мән беріліп, қуту залымен бірге ірі сауда және қоғамдық тамақтандыру орындары, автокөлік жөндеу цехтары жұмыс істейді. Автовокзалда жолаушыларға 124 рейс бойынша 55 автобус қызмет көрсетеді деп күтілуде.

Вице-министр барған тағы бір нысан «Ер-Ару» тұрғын үй кешені. Қала орталығынан бой көтерген жана көпқабатты тұрғын үй 30 отбасына арналып салынған. Кешен жыл соңына дейін пайдалануға берілетін. Бұдан бөлек Абай даңғылы бойындағы көпқабатты тұрғын үйлер ауласын абаттандыру жұмыстары да вице-министр Тимур Жиенбайұлының назарынан тыс қалмады. Көпқабатты үйлер ауласын абаттандыру демеушілер қолдауымен жүзеге асқан. Мұнда салынған 4 автотұрақ, 8 демалыс орны, 4 ойын, спорт және футбол алаңымен танысты.

Аймақ басшысының баяндамасында руханият, спорт саласы да қамтылды. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында

Мұнан соң оқаладағы «Анағ тағзым» орталығына да арнайы табын тіреді. Президенттің патриотизм және әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсету



бұған дейін аудандарда 11 дене шынықтыру кешені салынған. Енді облыс орталығында 7 мың орындық орталық стадион мен жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынады деп жоспарлануда. Рухани құндылықтарды дәріптеуде 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары салынады. Биыл облыс орталығында «Анағ тағзым» және «Отбасы орталығы» бой көтерді. Жыл соңына дейін «Өнер» орталығы пайдалануға берілетін.

Өткен айда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аймаққа іс-сапармен келген еді. Облыс әкімі Президенттің осы сапарында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысына дейінгі аралығын төрт жолақты жолға айналдыру, «Қызылорда-Жезқазған» тас жолын қайта жаңғырту сынды мәселелердің оң шешім тапқанын жеткізді. Жыныда сонымен бірге орталықтандырылған ауысу мен газдандыру жобасы да сөз болды. Өз кезегінде облыс әкімі Мемлекет басшысының патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсету бастамасы демеушілер тарапынан қолдау тауып, аймақты дамытуға 37,5 млрд теңге қаржы тартылғанын, құрылыс, жол компаниялары және кәсіпкерлердің қолдауымен 3,3 млрд теңгеге 630 жобаның құжаттамасы әзірленгенін айтты. Осылайша өңір басшысы құрылыс және инфрақұрылымды дамыту саласындағы аймақтың оң тәжірибесімен бөлісті.

Екі күнге жалғасқан сапардың соңы күнінде өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин облыс орталығындағы құрылыс алаңдарына барды. Бүгінде қаланың сол жағалауында құрылыс жұмыстары қызу әрі соңғы заманауи үлгідегі бірқатар әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Соның бірі – автовокзал ғимараты. Жоба құны



жыл соңына дейін оларды пайдалануға беруді қамтамасыз ету керектігін атап өтті.

– Ұлттық жобаны іске асыру Үкіметтің бақылауында. Министр мен өңірлердің әкімдері бұл бағыттағы жұмысты күшейтуі қажет, – деді Әліхан Смайылов.

Сыр өңірінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынатын жалпы

облыс аумағында бой көтерген 15 дәрігерлік амбулаторияның жыл соңына дейін пайдалануға берілуін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

– Үкімет басшысы ұлттық жобаны жүзеге асыруға қатысты бірқатар өзекті мәселені көтерді. Әсіресе биыл салынған денсаулық сақтау нысандарының сапасы мен мерзімінде пайдалануға берілуін қатаң бақылауға алып, тиісті жұмыстарды жүйелі ұйым-

десті тапсырды. Атап айтқанда, жан-жағы талапқа сай абаттандырылуы, ауласына өңірдің климаттық жағдайына бейімделген ағаштар отырғызылуы қажет. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы жана дәрігерлік амбулаторияларды тиісті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, олардың сапасына мән беруі қажет екенін де айтты.

Гүлмира МАҒ.ТҰМҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

ҚАРАУЫЛТӨБЕ: АУЫЛ ХАЛҚЫ ТӨМЕН ПАЙЫЗДАҒЫ НЕСИЕНІҢ ИГІЛІГІН КӨРІП ЖАТЫР



«Әкімге алты сауал» айдарының бүгінгі қонағы – Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі Еркін Ахетов.

– Ауылда жарық мәселесі толық шешілген бе?
– Қарауылтөбе ауылдық округі бойынша тұрғындар жарық көзімен толық қамтамасыз етілген. Биыл округ бойынша 38 шақырымды құрайтын электр желілері жаңадан тартылып, 8 трансформаторлық қосалқы станция (КТПН) мен электр реттегіш пункті орнатылды. Дегенмен қазіргі таңда ауыл орталығындағы 2 көше және 4 тұйықтың электр бағаналары мен желілері қайта жаңғыртуға қажет ететіндіктен жобалық-сметалық құжат әзірлеу, мемлекеттік сараптама қорытындысын алу жоспарлауда.

ауылдағы 2 тұрғынға кәсіпкерлікпен айналысуға 2,5 пайыздық несие берілсе, жастар бағдарламасы аясында 2 ауыл тұрғынына 2,5 пайыздық несие берілді. Одан бөлек, «Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржылық ұйымы тарапынан ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлерге берілетін шағын несиелендіру («Секер» бағдарламасы аясында) 5 жоба қаржыландырылды. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант (400 АЕК) бойынша 3 жоба қаржыландырылды. Жалпы аталған жоба аясында биыл 16 жұмыс орны ашылды.

– Биыл қанша көше жөнделді?
– Қарауылтөбеде биыл көп жылдан бері өзекті мәселе болып келген округтің жаңа қоныс аумағындағы ұзындығы 9 шақырымды құрайтын 12 көшеге қиыршық тас төселіп, ел игілігіне берілді.

Сонымен қатар ауыл орталығындағы ұзындығы 1,35 шақырымды құрайтын Желтоқсан көшесі жөнделді. Алдағы уақытта округтегі 8 көшеге қайта жаңғырту және 2 көшеге қиыршық тас төсеу үшін жоба-сметалық құжаты әзірленуде.

– Тұрмысы төмен отбасылар бар ма?
– Ауылдық округтегі негізгі мәселе – ауылшілдік электр желілерін өскірі. Соны салдарынан көптеген қиындық туындайды. Жел болса жарық сөніп қалу қаупі де сөйілмей отыр. Бірақ бұл мәселеге қатысты жоба-сметалық құжаты дайындалуда.

– Шешілмеген мәселе бар ма?
– Ауылдық округтегі негізгі мәселе – ауылшілдік электр желілерін өскірі. Соны салдарынан көптеген қиындық туындайды. Жел болса жарық сөніп қалу қаупі де сөйілмей отыр. Бірақ бұл мәселеге қатысты жоба-сметалық құжаты дайындалуда.

Сұхбатты әзірлеген Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Сұхбатты әзірлеген Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

**ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ
АХУАЛ ҚАЛАЙ?**

Жыл басынан бері облыс көлемінде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 2619 адамнан хабарлама түскенін ОПД жергілікті полиция қызметі басқармасының аға инспекторы полиция майоры Светлана Баймағанбетова айтып берді.

— Келіп түскен 688 хабарламаның 524-і әкімшілік кодекстің 73- «отбасы тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» бабы бойынша тіркелген. Ал 73-1-ші бап «денсаулыққа қасақана жеңіл түрде зиян келтіру бойынша 77 адам болса, 73-2 «ұрып-соғу» бабымен 87 оқиға тіркелген. Осыған сәйкес отбасылық зорлық-зомбылық көрсеткен 152 адам қамауға алына, оның 175-не өскерту түріндегі тәртіптік шара көрген. Қалған 19 адам айыппұл төлеген.

Сондай-ақ 1866 жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР «тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңға сәйкес қорғау нұсқасы шығарылып, мінез-құлыққа байланысты сотпен талаптар орнатылған.

Жалпы әйелдерге қарсы жасалған қылмыстық іс әрекеттердің биыл 65-і тіркелді. Ол өткен жылмен салыстырғанда 20,4 пайызға көбейген, — деді аға инспектор.

**КИКІЛЖІҢ
НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?**

— Менің алдыма келетін қыз-келіншектер көбіне экономикалық қысым көретінін айтады. Яғни керек-жарағын алуға ақша бермей, үйге тамақты өзі әкеліп, әр нәрсенің есебін алып, санап отыратын отбасылар және әйелін қонаққа жібермейтін, бірге барса айналасындағы адамдардан қызғанып ұрыс-керіс шығаратын күйеуден зардап шеккен келіншектер келеді, — дейді облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі Әмина Кетебаева.

Қаржылық жағдай да отбасындағы ұрысқа себеп болады.

— Бүгінде отбасындағы өзекті мәселенің бірі — қаражат. Көбіне әйел адам еріне жұмысың жоқ, ақша таппайсың деп түрлі сөздер айтып, намысына тиеді. Соның салдарынан отбасында кикілжің басталып, соны зорлық-зомбылықпен аяқталады, — дейді әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысы бойынша бөлімнің аға инспектор психологы, әділет капитаны Айзат Мырзалы.

Тұрмыстық жағдайы жақсы отбасыларда да ұрыс-керіс болып жатады. Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының психологы Гүлмира Ақтаева мұндай жағдай тәжірибесінде кездескенін айтады.

— Менің тәжірибемде кездескен толыққанды, материалдық жағдайы жақсы отбасындағы ер мен әйел бір-бірін толық түсініп, мәмілеге келе алмаған. Яғни оларда сырласу, әңгімелесу барысында мән беріп тындамай, келесі адамның пікірін сыйлай алмаумен қатар құрметтеудің салдарынан арадағы қарым-қатынас суыған. Ата-ананың бір-бірімен суық қарым-қатынасы балаларға кері әсер етеді. Балаға ата-ананың мейірімі мен махаббаты керек. Сондықтан отбасында ұрып-соғу болмаса да, ата-ананың қателігі өздерінің ренішін, отбасындағы ұрыс арқылы балаларға эмоциялдық зорлық-зомбылық көрсету болып саналады, — дейді психолог Гүлмира Ақтаева.

Басы 1-бетте

**ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ
АЛДЫН-АЛУ ҮШІН
НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?**

Қоғамдағы түрлі жағдай мен мәселенің шешімін табуға көмектесіп, адамдарға бағыт-бағдар беріп жүрген психолог мамандар екі жақтың арасындағы дау-дамайды қалай болдырмау керегінде айтып.

— Отбасы мемлекет құндылығы, қоғам бірлігі дейміз. Алайда отбасы болғандықтан түрлі жағдай мен эмоционалдық әсер болады. Сондықтан екі жас ауызбіршілікте болып, өзара түсіністік пен терең қарым-қатынаста отбасылық құндылықты

алу үшін оны тәрбиеден бастау керек. Нақтырақ айтсақ, ана мен қыз, әке мен ұл арасында жақындық пен ақыл-кеңес болса, еңбекке баулу мен бос уақыттарын тиімді пайдалану арқылы артық негативті оялардан сақтар еді. Баланы болашақ ана, әке деп тәрбиелеу арқылы жауапкершілік алуды әрі өмірді берілген мүмкіндік деп жақсылап, мәнді етіп сүру керегін ұғындыру.

Сондай-ақ құқықтық сауаттылық пен әрбір адамның жауапкершілігін арттыру маңызды. Отбасынан бастау алатын тәрбиеде гиперқамқорлық, баланы шеттету, қатаңдық пен баланы төмендету арқылы мысын басып өсіру де түрлі зорлық-зомбылықтың құрбанына шалдығуына себепші болуы мүмкін. Сондықтан осы істерден бойды аулақ ұстап, баланың болашақ тұлға болып дамуына ықпал жасау керек.

**ЗАҢ КҮШЕЙМЕЙ, ТАЛАП
ОРЫНДАЛМАЙДЫ****ЗАРДАП ШЕККЕН ҚЫЗ-
КЕЛІНШЕКТЕР НЕ ДЕЙДІ?**

нығайтуы қажет. Әсіресе әйел адам отбасындағы бірлік пен татулықты өрбіту мақсатында менмендікті қойып, үйдегі ерін сыйлап, құрметтесе дау-дамайдың алдын алуға болады.

Сондай-ақ әр адам жауапкершілікті сезініп, ұясын махаббат пен шаттыққа толтырса, көптеген қиындықтан өте алады. Дегенмен барлығын әйелге ысыра бермей, ер азамат та өзінің атқаратын міндетін білуі керек.

Жалпы әйел адамның бақытты болуы ер азаматтарға байланысты. Себебі ерлер қауымы қыз-келіншектерді бақытты етеміні, мәңгі бақытқа бөлейтін деп сөз береді. Ер азамат уәдесінде тұрса одан әйелі мен балалары қашпаса еді, — дейді № 68 мекемесінің арнайы контингент арасында әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысы бойынша бөлімнің аға инспектор психологы, әділет капитаны Айзат Мырзалы.

Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі Әмина Кетебаеваның айтуынша, адамдар сауатты болып, өзін тәрбиелеп, өзінің құқығын білсе әрі мейірім мен құрмет танытатын болса балқим зорлық-зомбылыққа жеткізбей кикілжіңнің алдын алуға болар ма еді? Жалпы қоғамдағы зорлық-зомбылықтың алдын

— Қыз жігіт болып жүргенде жолдасым өте сабырлы, салмақты көретін. Ал отбасын құрған сәтте не түрткі болғанын білмейтін өзгеріп сала берді. Кейде анасы хабарласқан сәтте жұмыстан қол тимей қалып жауап беріп үлгермесем, артында баласына хабарласып, тұтқаны алмағанымы айтады. Кешке жұмыстан үйге келгенде жолдасым үйдегі заттарды маған қарай лақтыратын. Негізі біз бөлек тұрамыз. Бірақ енем күнде хабарласып, телефонмен айдап салатындай көрініп. Бірақ нақты не айтатынын білмейтінмін. Ашулы жолдасымнан «менің анамды неге ренжітесің?» деген сөзді естимін. Шыны керек, мен жұмыста жүрген адаммын, енеммен көп сөйлеспей, әр басқан қадамымы айдап басатыным. Алайда уақыт өткен сайын мені ауысыз көгертіп ұрып, «жұрт та осылай көгеріп жүр, өлмейсің» дегенді шығарды. Бастапқыда кетіп қалмай шыдадым. Енді қазақы тәрбиеде өскендіктен «қайтып келген қыз жаман» деген сөзді ешкім айтпаса, ата-анам кір келтірмейтін деп

отбасын сақтауға қолымнан келгенін жасадым. Алайда ұрып-соғу тыйылмады. Сөйтіп, енем өзінің баласына хабарласқан сайын артында мені ұратынын және баласынан ажырасуға шешім қабылдағанымы айтып. Осылайша ата-анамның үйіне кетіп қалдым. Кейіннен жолдасым қайта келіп, кешірім сұрады. Енем де ажырасқанымызды қаламайтынын айтты. Содан, кешірім беріп қайталан мүмкіндік бердім. Бүгін, міне, 4 жыл өтті. Қазір ұрмайды, құлды ұрыс-керіс болмағандай, енем де айдап салмайды. Енем психологиялық тренингтерге қатысып, намазға жығылды. Негізі кикілжіңнің бастауы сол қызғаныш болған екен. Қазір енем қатты өзгерді, мені қызындай қабылдады. Баласы сөз даусы көтере қалса, мені қызғыштай қорғайды. Түсім емес пе деп қалатын кездері болады. Жолдасым да кәдімгі түсінгендей жұмыстан келгенде үйге қуанып кіреді. Мереке сайын сыйлық береді, шүкір бақыттымыз, — дейді Әсел (есімі өзгертілген) есімді келіншек.

Бүгінде екі бала тәрбиелеп, адал, сүйікті жар болып жүрген Жанерке есімді ару өзінің екінші рет қалай тұрмыс құрғанын айтып берді.

— Алғашқы некеме мені жолдасым алып қашқан болатын. Артымнан қуғыншылар келгенде келісімді беріп қалдым. Шыны керек, қалғым келмеген, бірақ мені өлтіремін деп айтқандықтан, мәжбүрлі түрде қалуға келісім бердім. Ол үй мен үшін тозаққа айналды. Қайын атам түрмеден шыққан кісі екен. Ол кісі түрлі жаман сөздер айтады. Үйді сол кісі басқарып, әрбір шаруаға араласатын. Тіпті кір жуатын ұнтақты қанша салу керегін де сол кісі айтады. Ал жолдасым болса кеш келетін. Үйдегі жағдайдан бейхабар еді. Алайда қайынапа, қайыңсып, енем барлығы жолдасымды шақырып алып, мені жамандайтын. Алғашында үндемей, маған ештеңе айтпай жүретін. Бір күні жолдасым ішіп келіп, орнымнан тұра алмайтындығы етіп ұрып, тепті. Осы көрініс күнде қайталанатын болды. Уақыт өте артымнан жақындарым іздеп келді. Өйткені мені үйден мүлде шығармайтын. Жақындарым келген сәтте кететінімді айттым. Оларда түрімнен байқаған болар, ешқандай сұрақ қоймастан алып кетті. Сөйтіп, қайын жұртымның қарсылығына қарамастан кетіп қалдым. Сол кезде тұнғышыма есікабат екенімді де білмеген едім. Алдыма қанша жалынып келсе де енді отбасы болмайтынмызды айтып, үйдегі ағаларыма енді кіргізеуің өтінімді. Содан кейін дүниеге келгенде баламды бала сүйе алмай жүрген жақындарым заң жүзінде қамқорлығына алып, «сен өз бақытыңды тап, әлі жасың» деді. Баламды бергім келмеді, бірақ амал қанша үлкендерді айтқанын тындадым. Өйткенім жасым небәрі 19-да болды. Қазір шүкір, екінші рет отбасын құрдым, екі балам бар. Бұл үй жұмағымна айналды, — дейді кейіпкер.

Әйел баласына қол көтеру Еуропада да болып тұрады екен. Жұырда Венецияда күлі Италияны дүр сілкіндірген оқиға болды. 22 жасар студент Джулия Чеккеттиниді бұрынғы жігіті пышақтап өлтіргені туралы ақпарат италиян қоғамына төбеден жай түскендей әсер етті. Осы оқиғаға қатысты Италияның вице-премьері мен сыртқы істер министрі Антонио Таяни ерлер атынан Италия әйелдерінен кешірім сұраған. Сондай-ақ премьер-министр Джорджия Мелони әйелдерді өлтірерін «төзуге болмайтын ауытқушылық» деп атап, «қарварлықты тыю» керектігін мәлімдеп, әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетуге қарсы ақпараттық компания жарияланғанын жеткізді. Біздікілер осындай қадамаға бара ала ма? Заң күшейтпей, талап орындалмайтын сияқты.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

СОЛ ЖАҒАЛАУДА ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауынан бой көтерген жана шағын ауданға қоныстанушылар күн санап артып келеді. Осындағы «Orda school» мектебі жанынан салынған үшінші оқу ғимараты балалар игілігіне пайдалануға берілді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім ордасының ұстаздары мен оқушыларын жайлы да жана ғимараттың ашылуымен құттықтады.

— Алаш қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаев «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тынбай-ақ сертсезуге болады» деген сөзі баланы оқыту үшін ең бірінші жайлы да



салған кәсіпкерлер аз емес. Қазірдің өзінде облыстағы 30 жеке мектепте 12 мыңға жуық оқушы білім алуға. Балаларымыздың болашағы жарқын болсын. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті шәкірттеріміз көбейсін!» — деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, алғаш ашылған жылы «Orda school» мектебінде 180 бала білім алса, бүгінгі күні оқушы саны 2100-ге жетті. Мұнда 214 педагог оқушыларға білім беруде. Жаңа ғимаратта оқу кабинеттері, шығармашылық бөлмелер талапқа сай жасасқан. Балалардың жан-жақты дамуы мен демалуына барлық жағдай қарастырылған.

Биыл Қызылорда облысында 2 жаңа мектеп пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі 250 орындық, Жаңақорған ауданы Май бекетіндегі 300 орындық оқу ордасының ашылуы жоспарлануда. Өткен аптада Шиеді ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық мектептің жаңа ғимараты табысталды. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1850 орындық қосымша ғимараттар салынды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірімізде 12 300 орынға лайықталған 21 мектеп салынууда. 10 мектептің құрылысы басталды, оның 5-еуі облыс орталығында. «Білімді колдау қоры» есебінен 7,9 млрд. теңгеге дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Биыл «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы салынбақ.



заманауи мектептің керегін еске салады. Жерлесіміз, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлының бастамасымен 2017 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған «Orda school» бастауыш мектебі өңірдегі іргелі білім ошақтарының қатарына енді. Бұл салаға инвестиция

Рәсімде облыс әкімі мектеп ұжымына ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтің құттықтау хатын табыстады.

Облыс әкімі мектеп ғимаратын аралап көріп, конференц зал, робототехника кабинеті, кітапхана, асхана, спорт залдың жұмысымен танысты.

«Ақмешіт-ақпарат»

**«АУЫЛ АМАНАТЫ»:
342 жоба жүзеге асады**

Фото: egemen.kz

Басқарма басшысының айтуынша, биыл 193,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, егіс көлемі 4,8 мың гектарға ұлғайған.

— Егіншілердің басты мәселесі — су тапшылығы. Сондықтан егіс көлемін артартандыру бағытында 3 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Су үнемдеу технологиясын пайдалану арқылы да тиісті жұмыстар қолға алынды. Сондай-ақ күзгі егін жинау науқанына 4 287 бірлік техника жасакталып, толық егін ету науқанына қатысты. Осы атқарылған шаралардың нәтижесінде, 521,2 мың тонна дәмді дақыл, оның ішінде 503,3 мың тонна ақ күріш қамбаға құйылды. Сондай-ақ 4,8 мың тонна майлы дақыл, 94,4 мың тонна картоп, 398,7 мың тонна көкөніс пен бақша өнімдері жиналды, — дейді Талғат Тұрсынұлы.

Сондай-ақ егістік басындағы еселі жұмыстардың нәтижесінде биыл 89 мың гектарға ақ күріштің дәні себілді. Осындай бейнеттен бел жазбай еңбек еткен дикандардың арқасында биыл 503,3 мың тонна өнім қамбаға құйылды. Облыста су тапшылығы орын

алып тығырыққа тіресе де, тіршілігін тоқтатпаған дикандар еңбегі орасан екенін жеткізді.

Одан бөлек аграрлық саланы қарқынды дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін атады. Осыған сәйкес, бұл саланы дамытуға 18,5 млрд теңге қаржы қарастырылып, оның 14 млрд теңгесін субсидиялауға бөлінгенін айтып берді.

— Жыл басынан бері мемлекеттік колдаудың нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнім өткен жылмен салыстырғанда 2,6 пайызға артты. Сондай-ақ, бұл саланың негізгі қорына 9,4 млрд теңге инвестиция салынып, өсім көрсеткіші 36,6 пайызға ұлғайды. Ал тамақ өнімдерін өндірудің негізгі капиталы 3,1 есеге артты, — дейді басқарма басшысы.

Аграрлық салада экспорт әлеуеті де арқан. Статистика бойынша биыл қазанның 1-не дейін 40,9 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген. Ол әлемнің 21 мемлекетіне экспортталған. Оның ішінде экспортталған өнімнің 84,8 пайыз дақыл — күріш өнімі. Жалпы есеп бойынша шет мемлекеттерге 34 703,9 тонна Сыр салысы экспортталған.

Басы 1-бетте

Н.АЛТЫН

– Сіз алғаш «Ақсақ киік» әнімен танылдығың деп ойлаймын. Қалың көпшіліктің назарына ілінген осы әніңізді тебіренбей тыңдау мүмкін емес. Бұл әнді қалай таңдадыңыз? Әнінің елдің қошеметіне бөленетінін сездіңіз бе?

– Бұл әнінің шығу тарихы ұзақтау. 1965 жылы мен мектеп бітіргеннен кейін Алматыдағы эстрада және өнер студиясына оқуға түстім. Директоры Гүлжанхан Талиева бізге ұстаздық етіп, көркем сөз оқушыларды дайындады. Сондай бір дайындық үстінде ұстазымыз Қуаныш Әбдіқалиев деген әнші жігітке Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» әнін жаттатты. 10-15 бала бірге жатамыз. Жаңағы бала өлеңнің мәтінін қасымда жүріп қайта-қайта айта бергеннен мен жаттап алдым. Тіпті ол миыма кіріп кетті. Студияны бітірген соң мені Қарағандыға жіберді. 1967 жылы Қазақ ССР-інің Халық әртісі Фарифолла Құрманғалиевтің сыныбынан дәріс алдым. 1967 жылы Қарағанды мемлекеттік филармониясының әншісі болдым. Қарағандыда Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Мағауия Көшімбаевтың бригадасына бардым. Мен жаспын, ол кісі үлкендеу. Сахнада ән айтам, концерт жүргіземін, күй тартам. «Ақсақ киікті» сахнада оқимын, оның ол кезде әні жоқ. Сөйтіп жүргенде әскерге алып кетті. Әскери борышымды өтеп болғаннан кейін 1970 жылы Шиели аудандық мәдениет бөлімінде түрлі қызметте болдым. Екі-үш жыл жұмыс істегеннен кейін Қызылордада облыстық филармония ашылды. Мен сол жерге жұмысқа кірдім. Филармонияда менімен күрделі Иният Жарылқап деген жігіт болды. Ол белгілі әнші Әскербек Еңкебаевтың інісі еді. «Көкшетау» поэмасын айтады. Ән құлағымға құйылып қалды. Сол әнге сәлем алып «Ақсақ киікті» айта бастадым. Ол 1970 жыл болатын. Сөйтіп «Ақсақ киік» менің қорықпайын әніме айналды. Әншінің сондай қабілетін ашатқын, мерейін көтеретін, жанына, болмысына сәйкес келетін әндер болады. Әннің бәрін айта берсең, бірақ ол сенікі болмайды. Жеке әнің өте қонымды жүргеннен шығады. Сол әнді әлі айтып келемін. Дәл мен секілді сүйіп айтқан адамды көрмедім. Бұл әнді талай адам айтып көрді. Бірақ оң жамбасына келмеді. Әнді айту үшін киіктің зары бойына өтіп, боздап отырып айтуың керек. Айту үшін образға кіріп, даланың, киіктің табиғатын білуің керек. Жырды бойына сіндіруің керек. Халыққа ұтымыз жеткізе білдім деп ойлаймын. Әнге сұраныс көбейді. Осылай «Ақсақ киік» әні менің әнім болып қалды. Қызылордада концерттерге шыға бастадым. Алматыға «Тамашаға» шақырту алдым. 1983 жылы «Тамашаның» жаңа жылдық қойылымында осы әнді айттым. «Ақсақ киік» мені көтерді, мен «Ақсақ киікті» елге таныттым.

– Өнерге қалай келдіңіз?
– Өнерге келуім де ұзақтау әңгіме. Мектепте 9-сынып оқытын кезім. Домбыра үйірмесі ашылды деген хабарландыруды көріп, дереу жазылдым. Бірінші кезлері барған жоқпын. Сыныпта 1-2 бала барғаны есімде. Өлгілерден «домбыра үйірменің ба?» деп сұрадым. Сөйтсем домбыра тарту оңай емес екен. Мен де бағымды сынап көрейін деп бардым. Барсам жетекші «домбыраң бар ма?» деп сұрады. Мен жок екенім айттым. «Домбыра тауып алыңдар» деді. Тақтаға домбыраның екі ішегін суретін сызып әріптермен перенені асты-үстіне нөмірін жазалды да қағасы жоғары, төмен деп сызықпен көрсетіп

қояды. Осылай үйірдем. «Кісен ашқан» деген күйден бастадым. Демалысқа шыққанша 3-4 күй үйірдем. Жаздың күні ауылдың ансамбліне қосылып, сахнаға шыға бастадым. Шиелиге барып аудандық байқауға қатыстым. Нешінші орын алғанымыз есімде жоқ. Әйтеуір жүлдемен оралдық. Көп ұзамай ауданда оркестр құрылды. Сол оркестрмен Қызылордаға барып, дүйім елге өнер көрсетіп, 1-орын алдық. Бізді Алматыдағы республикалық жарысқа жіберетін болды. Алматыдан Нұрғиса Тілендиев келіп бізді жарысқа дайындады. Атағы дүйім елге белгілі Социалистік еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың атынан Алматыға өнер көрсетуге бардық. Дүбірлі жарыстан 2-орын алып, дипломат болып, жалауымыз желіреп елге қайтқаныбыз. Өнер жолына осылай келдім.

Өнерге қадам басқаннан кейін түрлі жарыста бақ сынадым. 1998 жылы Ашхабатта өткен Кіндік

кавалері», 2022 жылы Шиели ауданының «Құрметті азаматы» атандым.

– Сіз әнші ғана емес, мықты композитор екенсіз. Бұл сізге берілген бақ деп білеміз. Қоржыныңызда қанша ән бар?

– Мен өзімді керемет сазгермін деп айта алмаймын. Мен әншілігіммен танылдым. Мектепте оқып жүргенде бір өлең ұнап, соған ән шығардым. Бірақ алғашында ән емес сияқты біртүрлі естілді. Өйткені ол кезде Шәмші Қалдаяқовтың, Әбілахақ Еспаевтың, Нұрғиса Тілендиевтің әндері құлаққа жағымды болған соң көп айтатынбыз. Сабырхан Асанов деген акынның өлеңін ауыл сахнасына шығып айттым. Бірақ өз әніме бойым үйірбеді. Кейін оқуға түсіп келгеннен кейін жәймен ән шығара бастадым. «Думан», «Бір үзім нан», «Ләйлажан», «Қара мән» әндері ел ішінде кең таралды. Осы ән шығаруға қатысты бір әңгімені айта



Суреттер © Ноғайбаевтың жеке қорынан алынды.

Әлмырза НОҒАЙБАЕВ:

«АҚСАҚ КИІК» МЕНІ КӨТЕРДІ, МЕН «АҚСАҚ КИІКТІ» ЕЛГЕ ТАНЫТТЫМ



Азия және ҚР-ның әнші-композиторларының фестивалінде бас жүлдені жеңіп алдым. 1990 жылы «Жас дәурен» ән-би ансамблінің құрамында Португалияда өнер көрсеттім. 1994 жылы Шиели ауданының өнері мен мәдениеті, 1996 жылы Қызылорда облысының өнері мен мәдениеті күндері Алматы қаласында өтуіне орай Қазақконцерт залында ән айттым. Шығарған әндерімді өзім нотаға түсіремін. Еткен еңбегім елеңбей қалмады. 2018 жылы «Құрмет орденінің

деп түйдім. Сөйтіп өлең іздедім. «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері» деген журналдарды ақтарып «Дүкенші қыз» деген өлең тауып алдым. Соған отыра қалып ән шығардым. Бұл 1970 жыл болатын. Ол кезде ауылда дыбыс жазатын студия жоқ. Айдап отырып Қызылордаға бардым. Сол жақтан мандарин тауып алдым. Қызылордада бір ақ жерде дыбыс жазатын құрылыс бар. Соған барып «Дүкенші қызды» жаздырдым. Сол ән қыздың жан дүниесіне қаты әсер еткен болуы керек, мені қосынбай қабылдады. Сөйтіп екеуміз қыз бен жігіт болып жүрдік. Көп ұзамай отау құрдық.

Мен қоржымыма қанша ән барын білмеймін. Кезінде Фарифолла Құрманғалиевтің мектебін бітірдім. Онда шыққан біраз әндер бар. Қазір жасым ұлғайды. Сондықтан 4-5 ән орындауым мүмкін. Көп әндер сахнаға тұрақты шықпағандықтан кейін ұмытылып қалды. Күнде концерт, гастрольге шығып жүрген сұраныстағы әнші емеспін. 70-тен асып 80-ге жақындағасын белгілі қай аңда-саңда домбыра шертіп ұмытпайыншы деп айтқандарым болмаса. Шиелиде айтқан «Құлаңда», «Ақтағай» әндері әлі күнге сұраныста. Студияға оқып жүргенде батыс әндерін тізіп бір дәптерге жазып қойғанмын. Аңда-саңда қолыма алып жатқа білмесем де, қайталап отырамын. Әнді ұмытпайын деген ойдан болар. Менің концертке жолына 1-2 рет шақыруы мүмкін. Репертуарымда сондай кезде орындайтын бірнеше ән бар. Менің «Құлаңда» деген әнімді көп адам орындады. «Ақсақ киікті» де біраз адам шырқайды. Тіпті орындаған әйел де бар. Гүлмира Сарина деген әнші «Ақсақ киік» әнін репертуарына алды. Бірақ бұл ән әйелдердің айтуына келе бермейді. Ол менің әнім емес біздің елдің термелерінің сарыны. Астанада құрылтай болды. Соған мені шақырды. «Ақсақ киікті» орындадым. Көрермендердің ішінен үлкен кісілер жылады. Мені радиодан естіген, көрген

кезде еріксіз көздеріме жас алды. Сахнаның сыртына шыққаннан кейін бір жігіт келіп «Аға, рақмет!» деді. «Талай жігіттің айтқанын естідім. Оригиналдың аты оригинал гой» деп риза болды.

– Өнердегі жолыңызды Ақмарал қызыңыз жалғастырып келеді. Өнерді әке үшін ән мұраңызды жалғайтын перзентіңіз болғаны бұйырмақ бақ болар?

– Менің ізімді Ақмарал қызым жалғап келеді. Оны бастаушыты бітірген соң музыка мектебін ақкардион бөліміне бердім. Шиелидің брендті – Нартай әні белгілі гой. Нартайдың әнін кез келген әнші орындай алмайды. Мәселен, оны орындауға менің дауысым жұмсақ, сондықтан ол ән маған көнбеді. Оған үнді дауыстар керек. Ол гармонмен айтылады. Менің Ақмаралды гармонға берген шешімім дұрыс болды. Қызым кейін домбыраны өзі үйіреніп алды. Музыкалық мектепті бітіргеннен хотаны білді. Ақкардионмен Нартайдың әнін айтты. Қызылордадағы Қорқыт ата университетіне түсіп, музыка факультетін бітірді. Қазір елге танылып, дәстүрлі өнердің үлкен өкілі болды. Қызым бүкіл Қазақстанға танымал әнші десең қателеспеймін. Гармонмен талай конкурсаға қатысып, жеңімпаз атанып, өнердің алтын тінін жалғап келеді. Құдай берген бес перзенттің ішінде өнердің киесі Ақмарал қызыма дарыды. Басқа балаларым әр саланың кәсіби мамандары.

– Өнеріңізді сүйіп тыңдайтын көрермендерге жылы лебіңіз...

– Көрсеткен өнеріміздің сарапшысы да, тыңдаушысы да халық. Сондықтан халқымыз аман, жұртымыз тыныш болсын. Бұл жыл да қорытындылауға жақын. Үлгі өнер мен руханияты табыстан табысқа жет берсін.

– Емен-жарқын сұхбатыңыз үшін рақмет!

Сұхбатты жүргізген Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы I-бетте

Жер бетін мекендеген ұлттардың өзіндік әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, жоралғысы бар. Діни мен тілінен бөлек адамдар салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы арқылы ерекшеленіп жатады. Қазақтың тойдағы әдет-ғұрпы мен жөн-жоралғысының өзі таңды кешке жалғарлық әңгіме арқауы бола алады. Жөн-жоралғы екен деп, құдалар арасындағы алыс-берісте кейде асыра сілтген жіберетіндер болады. Сондайларға бір тоқтам керек секілді.

Тойға реформа жасау керек деген тақырыптың көтерілгені қашан. Той түгелі, құдайың астың өзін бір тәртіппен, ысырыпсыз өткізді реттей алмай отырған жоқпыз ба? Көрші өзбек ағайындар 2019 жылы той реформасын жасап, артық жөн-жоралғыны қыскартыпты. «Хабар» жаңалықтарынан көзім шалған ақпаратты басқалар да білін деген ниетпен арнайы жазып отырмыз.

«Хабар» арнасының жазуынша, Ташкент тұрғыны Хабиболла Рахматуллаев қыз ұзатып жатыр. Үй иесі қазан көтеріп, палау пісірген көрінеді. Палау пісіру көршіміз үшін – заңдылық. Оларда бұл тағамсыз той өтпейді десек те болады. Құда жағы да палау пісіреді екен.

– Бізде үйлену немесе кез ұзату тойы танәріде басталады. Екі жақтың ата-анасы, аға-бауырлары жиналып, таңғы палаудан дәм тағамыз. Сол дастарханда үлкендер бата беріп, игі тілектер тілейді. Мұндай салт екі жақта да бар. Біз палау берсек, ертең күйеужігіт жаққа кезек келеді. Бастысы, керегін жасаймыз. Артық шығынға өзіміз де бармаймыз, – дейді Хабиболла Рахматуллаев.

Тағы бір қызығы, құдалармен таныстық түске дейін аяқталады екен. Онан соң қызды шығарып салу рәсіміне кезек береді. Біздің сөзбен айтқанда, құдалық та, қызды ұзату да күндізгі 3-ке дейін аяқталады. Оған кешігуге, көл-көсір дастархан жаоға болмайды. Ереже бойынша үйлену тойы тек бір күнде өткізілуі шарт көрінеді.

Тәртіп деп осыны айтады. Қазақтың тойына да реформа жасалуы тиіс. Бұған мемлекет араласпа, жәй айтқаннан ештеңе өнбейді. Әйтпесе, тойдың өзі жарыс болып барады. Байдың істегенін, дастарханға қойғанын, құдаға сыйлағанын басқалар жасаймын деп әуре боп жатыр. Қазақ қоғамында несиеге батқан адамның көбеюінің бір себебі – осы.

TOYFA DA TARTIP KERЕК

A.БЕК

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ-4310318-07-03-01178 нөмірімен сертификатталған. Апталығына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерімен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі. Жарнама мәліметтерінің нақтылығына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3109 Тапсырыс №1818 Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ